


ЖАТАҚХАНАЛАР ЖӨНДЕУДЕН ӘТТІ



М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінде 14 500 студент білім алса, мұнда 1 586 студент жатақханамен қамтылған. Осы оқу ордасына тиесілі №4 жатақханада күрделі жөндеу жұмыстары жүріп жатқандықтан ондағы студенттер өзге жатақханаларға болініпті.

Ал, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты 600-дей студентті жатақханаға орналастырған. Оқу ордасында 3 200 студенті болса, оның тек 620-наған жатақхана қарастырылған. Жуырдаға 12 қабатты «Студенттер үйі» пайдалануға беріліп, студенттер қуанышқа көнелгін болатын. Заманауи талаапқа сай салынған ғажап фирмаларды мекен ету кез келген студенттің арманы.

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік фармацевтика академиясының жатақханасы биыл күрделі жөндеуден өткізілді. Мұнда жастарға бар жағдай жасалынған. Жана оқу жылына орай жаңадан газ плиталары, тоңазытқыш, әр белме жиназдармен жабдықталған. Өзге жатақханалардан өзгешелігі, мұнда аула гүлгө көмкөрілген. Айнала көкорай шалғынға малынып тұр. Мұнтаздай тазалық салтанат күрган. Қорған көз қуанарлықтай.

Аталмыш уш жоғарғы оқу орнында жатақханада тұру ақысы жылына 23-25 мың теңгенің аралығында.

Облыс орталығындағы жоғары оқу орнадарының барыншы болып жатақханамен қамтылған. Жатақханалардың деңгелегендегінде кітапханамен жабдықталған екен. Бұның студент жастарға іздену үшін көп көмек көрсетері анық. Оның үстінен жатақтардың басым болігі жыл сайын күрделі жөндеуден өтіп, заманауи үлгіде жаңаланып тұрады. Мұнда орналасқан сон әрине барлық студентке қойылатын өзіндік талаптары бар. Мемлекет мүлкін закымдамау оған барынша қамкорлықпен қарау талап етіледі.